

Анықтама

№ 113 Қаракөл орта мектебінің 2025 – 2026 оқу жылындағы жалпы міндетті оқу қорының 1 – 11 сынып білім алушыларының оқулықтарымен қамтылуы туралы мәлімет

Орта техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі мемлекеттік білім беру ұйымдарының кітапханалар қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау жөніндегі қағидаларға (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 бұйрығы, Әділетті тіркеу нөмірі 13070) және орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтар тізбесіне сәйкес оқу және көркем әдебиет кітапханалық қорының болуы, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу – әдістемелік кешендер, оның ішінде электрондық нысанда (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы, Әділетте тіркеу нөмірі № 20708) бұйрығы негізінде бүгінгі таңда ақпараттық технологиялар заманында педагогикалық қызметінің саласында мектеп кітапханасы маңызды рөл атқарады. Білім негізгі рөл атқаратын кәзіргі ақпараттық қоғамда, мектеп кітапханасы жемісті жетістіктерге жету үшін керекті оқырмандарға ақпарат пен идеяларды ұсынады. Талдау нәтижелері: осы өлшемшарт бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерттеу көрсеткендей мектеп кітапханасы – мектептің құрамды бір бөлігі. Ол оқушылардың білім негіздерін үйренуге көмектеседі, бағыттайды. Оқу тәрбие жұмысына белсене араласуына ықпал жасайды. Кітапханашы жан – жақты тәрбие жұмысын мектеп педагогикалық ұжыммен бірге отырып оқырмандардың қоғамдық белсенділігін шығармашылық дербестігін қалыптастырып отыруға міндетті. Осылайша әрбір кітапханашы өз міндеттерін түсініп оқушылардың жүйелі түрде кітап оқуларына басшылық жасап, қадағалап отырады.


Білім алушылар контингентіне арналған оқу жұмыс жоспарына сәйкес бір оқушыға арналған оқулықтар жиынтығына сәйкес жасақталған.

2025 – 2026 оқу жылында мектебімізде 154 оқушы қабылданды. Мектеп кітапханасы қорынан 154 оқушыға оқулықтар қайтарымды негізде таратылды. Мектебіміздің кітапхана қорында 15035 кітап қоры бар. Оның ішінде мектеп оқулықтар саны 6027, көркем әдеби кітаптар саны 8641, әдістеме электронды оқулықтар саны 218, электронды оқулық 149 дана.

2025 – 2026 оқу жылына жетіспейтін оқулықтарға сұраныс беру арқылы мектебіміздің кітапхана қорына жетіспейтін оқулықтар толығымен алынды. Etandau.gov платформасы арқылы пән мұғалімдерінің таңдауымен 4 – сынып оқулықтарына «Бейнелеу өнері, Еңбекке баулу, Русский язык, Жаратылыстану, Ағылшын» пәндеріне таңдау жасау арқылы мектеп кітапхана қорына 402 дана оқулық келіп түсті.

Мемлекет басшысы Қасым – Жомарт Тоқаевтың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде берген, тапсырмасына сәйкес ҚР Білім және ғылым министрлігі тарапынан « Балалар кітапханасы» жобасы бекітілгені анықталды.

Мектеп кітапханашысы



М. Өмірбекова